Мәртебелі Экономика
Кіші жастағы оқушыларға арналған іскерлік ойын

Ойынның мақсаты: балаларды заманауи нарықтың негізгі түсініктерімен таныстыру, нарықтық қарым-қатынасты ойын түрінде көрсету.

Ойынға 3-5 сынып оқушыларынан құралған 2 команда қатыса алады. Мұғалім: Қайырлы күн, балалар! Бүгін біз сендермен «Экономика» атты ертегі патшалығына тамаша саяхат жасап қайтамыз. Жолда бізді көптеген қызықты кездесулер күтуде. Ертегілер, ребустар, жұмбақтар сендерге барлық қиын кезеңдерден өтіп, мәртебелі Экономика аукционына уақытымен үлгеріп жетулеріңе жәрдемдеседі. Алайда, ол жерге құр алақан баруға болмайды, сендердің қолдарыңда экоштар (ертегі патшалығының ақшасы осылай аталады) болуы керек. Оларды қайдан алуға болады? Әрине, түрлі байқауларға қатыса отырып, адал еңбекпен табасыңдар. Оларды сендердің кассирлерің банктен алып отырады.

Саяхатқа "Акция" және "Брокер" командалары қатысады.

Сақшылар сендерді ертегілер еліне жіберу үшін, олардың қоятын бірнеше сұрақтарына жауап беруге мәжбүр боласыңдар:

1. Айтыңдаршы, қай ертегінің кейіпкері ақшасының «өскенін» қалаған еді? Бұл үшін ол не істеді?

2. Қалай ойлайсыңдар, ең үлкен айлықты (еңбекақыны) кім алуы керек:

а) бөлшектерді салуға арналған жәшіктерді құрастырушы ма, жоқ әлде бөлшектерді жасаушы ма?

б) қыста, жылы орында отырып жолдарды картаға түсіруші ме, жоқ әлде жолдарды салушы ма?

2. "Экономика" елінің тұрғындары үшін қай ұран бәрінен де маңызды:

ақшаны сақтағаннан, ұстаған оңай;

еш нәрсе тегін келмейді;

сақтай білу – байлықтан да жақсы;

Себебін түсіндіріңдер.

Жарайсыңдар, балалар! Сақшылар сендерге жол ашып тұр, өтіңдер, алайда сендердің алдарыңда барлық ертегілер еліндегідей екі жол бар:

табиғи шаруашылық шоссесі және тауар өндіру шоссесі. Қай жолмен баратындарыңды өздерің таңдаңдар.

Анықтама үшін: табиғи шаруашылық ежелден, әр адам өмір сүруіне қажеттінің бәрін тауып жүргенде-ақ пайда болды табиғи шаруашылық Робинзон Крузода болған. Егер әр адам қолынан жақсы келетін нәрсемен айналысып, одан соң басқа адамдармен тауар алмасатын болса, онда ол тауар өндірісі болады.

Қай жолды таңдайсыз? Егер табиғи шаруашылықты таңдаған болсаңыз онда сіз дұрыс жолды таңдай алмадыңыз, сізге айыппұл салынады. Тауар жолымен жүруге рұқсат алу үшін енді сіз ребус-тапсырманы орындауыңыз шарт:

Егер "рекорд" сөзінің соңғы әрпін "Б" әрпіне ауыстырып, керісінше оқитын болсақ, онда сіз адамдар арасындағы сауда келісімінің көмекшісі болып шыға келесіз (жауабы: брокер).

Әрі қарай кеттік (қозғалыспен көрсету). Жол сондай тар болып кетті, асфальт бітті, жолдың бәрі кедір-бұдыр (аяқтарымызды неғұрлым көтеріңкіреп жүреміз). Ой, мына жер неткен қараңғы ... (үңіліп қараймыз). Ал мына адамдар кім? Қолдарында түрлі тамаша дүниелері бар (этикеткаларын қараймыз): спорттық костюмдер, "Рибок" фирмасының аяқ-киімдері, "Роллекс" және "Картье" маркасының сағаттары. Бірақ бұлардың бәрі не себепті осы жерде, жердің түбінде сатылымға түсіп жатыр? Міне, А вот и название улицы появилось "Тропа спекулянтов" деген көше атауы да пайда болды. Алыпсатар дегендер кімдер? Олардан тауар аламыз ба? Неге? Ол тауарлар нағыз тауарлардан несімен ерекшеленеді?

Әр дұрыс жауаптары үшін командалар экошкаларға ие болады.

Қараңғы орыннан да шықтық. Жол жарықтанып, орман сиректеле түсті. Міне, үйшік және онда «Миша-бизнесменнің мектебі» деген ілме жазуы бар. Мынау оның тапсырмалары:

1. Миша орманда өз дүкенін ашты. Енді ол өзіне сатып алушыларды тартуы керек (ол үшін әдемі сәнделген ілме жазу, арзан баға, орман тұрғындарына қажетті тауарлары болуы тиіс).

2. Аюлар, тиіндер, клесттар, бұғылар мен қабандар қандай тауарларды сатып алады екен?

3. Мишаның дүкенінде тез сатылуға тиіс тауарлар бар (сатылмай қалған жағдайда олар бұзылып кетеді). Әр команда саңырауқұлақ пен таңқурайға жарнама жасайды. Кімнің жарнамасы қызықты шықса, Миша сол командаға ризашылығын білдіреді.

4. Миша орманда өзінің орман ақшасын енгізді, алайда ол ақшаға ненің суретін саларын білмейді. Балалар, аюға көмектесіңдерші.

Суретшілер сурет салып жатқанда, команданың басқа мүшелері сұрақтарға жауап береді:

Банкир, банкрот, банк – бұл не? бұл кім?

Мен есемді кетірмеймін, ақшаны қатаң есептеймін (банк).

Үлестеріңді саламын, қаржыларыңды басқарып қаламын (банкир).

Миша сендердің жауаптарыңа риза. Экошкаларыңды банктен алуларыңа болады, ал біз ертегілер еліне саяхатымызды жалғастырамыз. Біздің алдымыздан «Экономикалық даналық ағашы» пайда болды (оның жапырақтарында жұмбақтар жасырылған).

Жапырақ-жұмбақтар:

а) Фермер дегеніміз кім? (ауылшаруашылық мекемесінің қожайыны).

б) Бәсекелестік дегеніміз не? (жарыс, пайдаға қол жеткізу жолындағы күрес).

в) нарыққа қатысы бар сөздің астын сыз:

ақшаны тиімді салдың – дивидендті алдың. Жарнама – бизнестің оң қолы. Инфляция келді – бағаларды көтерді. Айыппұл – тәртіп бұзушыларды жазалау.

г) Бақыр дегеніміз не? (ескі қара тиын).

д) Демеуші дегеніміз кім? (пайдалы шараларға ақша беруші адам немесе мекеме).

Жарайсыңдар, балалар! Еңбектеніп тапқан экоштарыңды алыңдар, одан соң жолымызды жалғастырайық. Жолда «Мысық Матроскиннің кеңсесіне» соғайық.

Мысық Матроскин сондай іскер мысық. Естеріңде ме? Сүт болу үшін ол сиыр сатып алды. Ал «Акция» командасына ол: «Не және қаншадан?» деген нақты сұрақ қойып отыр. Бір бөлке нан, бір литр сүт, 1 кг қант қанша тұрады? «Брокер» командасына: 1 дәптер, 1 қалам, күнделік қанша тұрады?

Рахмет, енді мысық Матроскин сендерге өзінің экономикаға байланысты тапсырмаларын ұсынғысы келіп тұр.

«Брокер» командасына: әкесі Мотиға өз бөлмесін күнделікті жинап жүрген жағдайда айына 100 сомнан төлеп тұратынын айтты. Алайда, Моти бұл жұмысты айына 70 сомға орындайтын көршінің Люда есімді қызын тапты. Мотидің жылына түсетін пайдасы қанша? (жауабы: 360 сом).

«Акция» командасы: сіз алма шырынын жасаушысыз және сол шырынның бір бөтелкесін 30 сомға сатасыз. Кенеттен базарда дәл осындай алма шырынын дайындап, сатушы пайда болады. Ол шырынын 25 сомға сатады. Бәсекелесіңізді жеңу және базардағы сауда орныңызды сақтап қалу үшін сіз не істейсіз? (жауабы: шырыныңыздың бағасын төмендетесіз немесе сапасын жақсартасыз).

Мысық Матроскиннің қос командаға арналған ортақ тапсырмасы:

Қожайыны күніне екі мезгіл тамақтандыратын, бір тамақтануда 10 кг шөп беретін сиырға айына қанша кг шөп жұмсалады? (жауабы: 600 кг).

Жарайсыңдар, жақсы есептейді екенсіңдер. Ал енді команда мүшелерінің бірі калькулятормен жұмыс жасай алады ма?

Есептеңдер: 237+14 = ... ; 316+18 = ... ; 324-16 = ... ; 215-17 = … қанша болады?

Балалар, сендер мысық Матроскиннің тапсырмаларын тамаша орындап шықтыңдар. Біз саяхатымызды әрі қарай жалғастырамыз. Айналадағы орман неткен қалың! Міне, тауықсирақ үйшікке де келіп жеттік. Есігі қайда? Келіңдер, балалар, үйшіктің орманға артымен, бізге алдымен тұруын өтінейік. Әне, есігі де көрінді, онда «Лешбяк фирмасы» деген жазуы бар. Бұл жерді кім мекендейді және олар немен айналысады? Иә, бұл – Леший мен Мыстан кемпірдің екен, олардың фирмасы ағзаны жасартатын: жидектер, гүлдер, саңырауқұлақтар сияқты орман өнімдерінен тұратын шөптер ұсынады. Балалар, Мыстан кемпір мен Леший бізді жұмысқа алу үшін, бұл фирмаға біз өз даламыздың қандай өсімдіктерін ұсына аламыз? (жауабы: ошаған, бақбақ, қалақай, итошаған, жолжелкен).

Жарайсыңдар, балалар! Фирма қызметкерлері ағзаны жасартудың қызықты рецепттерін көрсеткендерің үшін сендерге сондай риза. Рахмет. Міне, біз жәрмеңкеге де келіп жеттік. Қолдарыңда экоштарың бар, енді сендер сол ақшаларыңа сауда жасай аласыңдар.

Аукцион ұраны: ақшаңды көбірек сал, тауарыңды ал! (гонг соғылады)

Аукцион жүріп жатыр,

Адам сауда жасап жатыр .

Айта қойшы, ол кім?

Сендер оны таныдыңдар ма? Ол аукционист. Осы сөзді естеріңе сақтаңдар. Қазір мен де аукционист боламын.

Экономикалық кәмпиттер сатылуда. Оларды жеп тауысқан адам, есепті калькуляторсыз, ойша шығаратын болады.

Бастапқы бағасы ... Кім көбірек береді ... ? Сатылды!

Экономикалық сағыздар топтамасы сатылады, оларды неғұрлым ұзағырақ шайнаған сайын, олар үлкейе түседі.

Бастапқы бағасы ... Кім көбірек береді ... ? Сатылды!

Ойынымыз аяқталды.